

## “Бабалар сөзі”

Мәдени мұра қазіргі заман мәдениетінің дамыту үшін қайнар көзі, кәусар бұлақ ретінде қажет екендігін ұғымымыз керек. Мәдени мұраның басты мақсаты дәстүрлі өнерімізге ғылыми тұрғыдан жаңа көзқарас қалыптастыру мәдени ескерткіштерді сақтау, жаңғырту, осылардың негізінде жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу.

“Мәдени мұра” бағдарламасы аясында “Бабалар сөзі” атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысы жалғастырылуда. С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана қорына осы “Бабалар сөзінің” 29 томы түсті. Серияның жарық көрген жиырма алты томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де келемді саласы болып саналатын дастан жанрына арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он бір томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың сегіз томы әзірленіп, баспа бетін көрді. Әрине, қазақ дастандарының көркем үлгілерін жариялау өте де жалғаса бермек.

Қытайдағы қазақ фольклорының кезекті жинағы 27-том тарихи жырларға арналып отыр. Бұл томға “Арқалық”, “Ер Жәнібек”, “Есімқан Ырысқан” атты т.б. тарихи жырлар енген. Дастандардың сюжеттік құрылымы біршама тартымды, қарапайым, қара өлеңмен өріліп, дәстүрлі жыршылық мақалға бейімдеп шығарылғаны байқалады. “Арқалық” дастаны біздің Қазақстанның өз елkesінде де кең таралған халықтық шығарма фольклорлық туынды. “Ер Жәнібек” дастанының үш түрлі

нұсқасы бар. Дастандағы бас кейіпкер Жәнібек сол дәуірде қазақ жұртын билеген әйгілі хандарымыздың бірі. Ал 29-томға “Абылай хан”, “Бөгенбай батыр”, “Ағыбай батыр” т.б. тарихи жырлары енген. Олардың сюжеті қазақ халқының сыртқы жауларға қарсы ұлт-азаттық күресіне құрылған.

“Бөгенбай батыр” жырының сюжетіне қазақ халқының тарихындағы белгілі тұлғалардың бірі, көрнекті қоғам қайраткері әрі ержүрек қолбасшы Бөгенбай Ақшаулы мен оның ұрпақтарының ерлік істері арқау болған. “Ағыбай батыр” жырының бірқатар нұсқалары Шыңжаң қазақтары арасына кең тараған Шығарманың сюжеті тарихи шындыққа құрылған. Бір айта кетерлігі, бұл томға кірген тарихи жырлардың біразы Қазақстан жерінде туып, жекелелен нұсқалары Шыңжаң қазақтары арасында таралғаны байқалады.

“Бабалар сөзі” сериясы шығарушылардың ұстанымдарына сәйкес ғылыми қосымшалармен толықтырылған. Бұларға мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жыр-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, жырды жинаушылар мен жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірген.

**А.К.ОРАЗАЛИНОВА,**

*С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана қызметкері.*